

на своём рабочем месте. Не будем равнодушными! Создадим судьбу страны вместе со всем народом!

Список использованной литературы:

1. Послание Президента Республики Казахстан – Лидера нации народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства». Декабрь, 2012 год.
2. Послание Президента Республики Казахстан «Нұрлы жол - путь в будущее». 11 ноября 2014 года.
3. Выступление Президента Республики Казахстан, Председателя партии «Нур Отан» Н.А.Назарбаева на XVI съезде партии «Современное государство для всех: Пять институциональных реформ»
4. Патриотический акт Мәңгілік Ел. Полный текст.
<http://www.kazpravda.kz/news/politika/patrioticheskii-akt--mangilik-el-polnii-tekst/>

Шығыс Түркістандағы «Үш аймақ» төңкерісінің біртұтас Алаш идеясымен сабақтастығы

Кұнапия Г. Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың физика-техникалық факультеті,
gulnar.kunariya@mail.ru.

Ғылыми жетекші: Кентбек. С.Қ., т.ғ.к, Қазақстан тарихы және ҚХА кафедрасының доцентті,
Kentbek.59@mail.ru

Қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысы тарихи уақыт, мазмұн және көлем жағынан кең ауқымды, әліде болса толықтай зерттеп - зерделеуді қажет ететін өзекті мәселелер. Өйткені, бүгінгі Егемендік жағдайында халқымыз басынан кешірген түрлі тарихи кезеңдердегі ұлт-азаттық қозғалысының мән-маңызы онан сайын арта түсуде. Уақыт тұрғысынан ұлт-азаттық қозғалыстың байланысты XVIII ғасырдан бастау алатын бертіңгі кезеңі тіпті де мол тарихи құндылыққа ие. Бірақ қазақ халқы қатысқан көтеріліс Ресей патшалығымен шектелмейді. Себебі, 1940 жылдан бастау алған Қытайдың Шыңжаң өлкесіндегі қазақ, ұйғыр, қырғыз, өзбек ұлттарының ұлт азаттық қозғалысы да отан тарихындағы ұлт-азаттық қозғалыстардың жалғасы болып табылады.

Шыңжаң «Үшаймақ» төңкерісі ұлттардың бостандық алуына, тәуелсіздікке ұмтылуынан болған оқиға болса, төңкеріс басталуына себепкер болған біртұтас Алаш идеясы. 1917 жылы желтоқсан айының 5 - 13 - і аралығында Орынбор қаласында екінші жалпы қазақ съезі өткізіліп, Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Е.Омаров, С.Досжанов, М.Дулатов бастаған ұйымдастырушы топ 10 мәселе көтерді. Соның бірі – Алаш автономиясын жариялау еді. Ә.Бөкейханов бастаған топ автономия жариялау әзір ертерек деген пікір ұстанған. Екінші – Халел және Жанша Досмұхамедовтар бастаған топ дереу автономия жариялау қажет деген пікірде болған. Ақыры Алаш автономиясын жариялау туралы бір шешімге тоқтап, Алашорда үкіметін құрған. Үкімет төрағалығына Әлихан Бөкейханов сайланды, 25 адамның құрамына үкімет мүшелерін тағайындаған.[1,57]

Кешікпей большевиктер билігі күшейіп кетуіне байланысты Алаш автономиясының өрісі тарылды. 1918 жылдың наурыз айында Оралдан Халел және Жанша Досмұхамедовтар Мәскеуге барып, Халық комиссарлары кеңесінің төрағасы Ленин және ұлт істері бойынша халық комиссары Сталинге жолығады. Бірақ келіссөз нәтижесіз аяқталады. Бүкілресейлік құрылтай жиналысы Алаш автономиясын мойындаудан бас тартқан. Осындай қиын-қыстау жағдайдан кейін Алаш қайраткерлері әртүрлі жолдар іздеген. Соның бірі шетелдегі қазақтармен байланыс жасап оларды Алаш шаңырағының астына біріктіру ісі еді. 1917 жылдың бейресми дерегі бойынша Ресейге бағынышты өлкелерде 5 млн 400 мың қазақ тұрған. Ал шетелде қазақтар Қытай мен Моңғолия елдерінде ғана бар еді. Осы тұста Қытай елінде 150 мыңға тарта қазақ болса, Моңғолия елінде 20 мыңның шамасында екен. 1918

жылдың жазында Қытай елін бетке алып Алаш көсемі Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Садық Аманжолов, Райымжан Мәрсеков жолға шығады. Олар Ақсуат өлкесін басып өтіп, Шәуешек қаласына барды. Кезінде Семей қаласында тұрып, осында қоныс аударған көпес Рамазан Шәнішевтің үйіне түседі. Елді жинап келген мақсаттарын айтады. Шәуешекке келген Алаш өкілдерін қазақтың ауқатты байы Құсайын өзі ертіп, Үрімжіге апарды. Оларды Шыңжаң өлкесінің билеушісі Ян Зын Шин қабылдайды. Сөйтіп, 1918 жылы 24 көкек күні Шәуешек қаласында кіші құрылтай өткізілген болатын. Ондағы басты мақсат:

1. «Алашорда» үкіметінің Шығыстағы эмиграциялық бөлімін ашу;
2. Босып барған ел мен жергілікті қазақтардың басын қосып, Алашорда мемлекетінің азаматтары ретінде қытай үкіметіне ресми тіркету.
3. Оларды жерге қолтықтаса орналастырып, дербес автономиялық басқару жүйесін құру болатын[2]

Бірақ бұл құрылтай нәтижесіз аяқталды. Себебі, Қытайда империялық билік құласада, үстемдігін жоймаған болатын және Шәуешек қаласында баяғыдан келе жатқан орыс консулы болған. Осы консул Кеңес үкіметінің мүддесіне ойысқан болуы керек. Сондықтан да, Алаш арыстарының сапарына шектеу қойылған. Тіпті арыстардың қандай шаруамен келгенін де біліп отырған. Тез қайтуға мәжбүрленген. Алаш арыстарының осы сапары кезінде бірге жүрген, дидарласқан адамдардың көбі артынан атылып, қасірет шеккен. Бұдан біз 1937-1938 жылдардағы жаппай жазалау науқаны Қытайдағы қазақтарды да айналып өтпегенін аңғарамыз. Бірақта Алаш идеясы өзінің дәнін сеуіп, өнімін егіп кетті. Ұлттық газеттер мектептердің, мәдени ойын-сауық отауларының ашылуы ұлттық сананы оятып, ақыр соңында ұлт-азаттық қозғалысына алып келді. Ұлт-азаттық күрес қаһармандары мен жауынгерлері осы біртұтас Алаш идеясы үшін қолына қару алды. Жауымен жағаласты, жараланды, қаза тапты [3,12]. Шығыс Түркістан қазақтарының XX ғасырдың 40-шы жылдарындағы бостандық жолындағы түрлі көтерілістерді де жалпы ұлтқа тән ұлт-азаттық қозғалыстың бір бөлігі болып табылады. XIX ғасырдың 60-шы жылдарынан бастап Қытай қазақтары өздері қоныстанып отырған қоныстарымен қоса Цин билігіне қараса да өздерін жалпы қазақ жұртының бір бөлігі ретінде сезініп келді. Бұған дейін олар Ресей мен Қытай арасында шекара бөлісі болғанынан хабарсыз еді. Сөйтіп, отаршылдық, бодандық деген ұғымды біреу ерте, біреу кеш түсінді. Жер мәселесі екіұдай күйге түскенде барып, қарсылық білдіріп отырды. Соның бір мысалы ретінде Шығыс Түркістан қазақтарының XX ғасырдың 40-шы жылдарындағы ұлт-азаттық күресін айтуға болады.

Қытайдың Шыңжаң өлкесіндегі Іле, Тарбағатай және Алтай аймақтарында болған қазақ, ұйғыр және басқа халықтардың ұлт-азаттық көтерілісі. Шыңжаң генерал-губернаторы Шың Шысай(Шэн Шицай) 1939 жылдан бастап жергілікті халықтарға, әсіресе, қазақ халқына қарсы қатаң саясат жүргізе бастады. Ол қазақ зиялыларын, ел басқарған беделді азаматтарды жазықсыз тұтқындап, түрмеге жапты. Қазақ шаруалары қолындағы аңшылық мылтықтарды зорлықпен тартып алып, үкіметке он мың бас сәйгүлік жинап беруді бұйырды. Осындай шектен асқан қорлық пен зорлыққа ызаланған халық стихиялы түрде үкіметке қарсы көтерілді. 1940 ж. ақпанда Алтай аумағының Көктоғай ауданында Рысхан Ноғайбайұлы, Есімқан Иманбайұлы бастаған жергілікті қазақтардың көтерілісі басталды. Оған Оспан Исламұлы қатарлы азаматтар қатысып, аудан әкімін және мылтық жинауға барған әскерлерді іюлтірді [4,77]. Үш аймақ төңкерісі – Қытайдың Шыңжаң өлкесіндегі Іле, Алтай және Тарбағатай аймақтарында 1940-1945 жылдары болған қазақ, ұйғыр және басқа да халықтардың ұлт-азаттық көтерілісі өзінің бағдарламалық мақсаттары, қызмет аясы, әлеуметтік-саяси негізі, тіпті ұйымдық құрылымы бойынша әлемде теңдесі жоқ қайталанбас ерекшеліктері мол болатын. Жаппай бас көтеру жеңіспен аяқталып, гоминьдан өкіметі «орталықтың Синьцзяндағы кейбір оқиғаны шешу жөніндегі ұсыныс жобасын» жасайды, әрі оны ШТР өкілдерінің талқылауына береді. 1945 жылы 13 қараша күні Р.Сабырхажиев, Әбілқайыр төре, А.Қасымилар Үрімжіге қайтып келіп, Чжан генералға Құлжадағы орталықтың ұсыныс жобасы жөніндегі пікірін және қойған талабын тапсырды. 1945 жылдың

соңында Іле, Алтай, Тарбағатай аймақтары және оған қоса Жың, Шиху өлкелері азат болғаннан кейін, аталмыш өңірлерде тыныштық орнап, халық бейбіт жағдайда өмір сүріп бастады [5]. Жергілікті тұрғындар өзіндік заңдар мен нышандарын жариялап, төңкеріс нәтижесінде құрылған Шығыс Түркістан Республикасы 5 жыл ғана өмір сүрді.

Қорытындылай келе, біртұтас Алаш идеясы негізінде бес ұстанымды мақсат еткен қазақ, қырғыз, ұйғыр, өзбек халықтары бастаған Қытай үстемдігінен өз мүдделерін қорғау үшін болған ұлт-азаттық көтеріліс, жеңіске жете отырып, өзінің шарттарын қоя білді. Осы көтерілістен кейін қазақтар Ауғанстан, Пәкістан, Түркия, Германия жерлеріне өтіп кетті. Алты адам Шығыс Түркістанның «Халық батыры» атағын алды. Олар: Адам, Яғни, Оспан, Ғани, Ақпар, Фатих, Дәлелхан, Қалибек [6,333]. Бұл ұлт - азаттық көтеріліс өзінің ауқымдылығымен, сипатына байланысты Отандықтар тарихта ерекше орын алады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. I том. Алматы, 2004. - 552б.
2. Қыдырханұлы, Ұ. Алаш арыстарының Шәуешекке сапары // Егемен Қазақстан. – 2008 жыл, 25 маусым.
3. Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы. Т.Қ. Жұртбай жетекшілігімен. -Астана: «Астана Полиграфия» АҚ. 12-том, 2009.- 309 б.
4. Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы. Т.Қ. Жұртбай жетекшілігімен. -Астана: «Астана Полиграфия» АҚ. 13-том. 2009.-313б.
5. Жәди Шәкенұлы. Шығыс Түркістан мәселелері. //Қазақ үні газеті, 10 тамыз 2010.
6. Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы. Т.Қ. Жұртбай жетекшілігімен. -Астана: «Астана Полиграфия» АҚ.14-том. 2009. -357б.

Қаз дауысты Қазыбек би және Мәңгілік Ел идеясы

Смағұлов Н.Б. - PhD докторант

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Smagulov_ist@mail.ru

Қазақ хандығы жеке мемлекет болып өмір сүріп бастағаннан-ақ сыртқы жаулардың шапқыншылығына қарсы тұрып, елдің тәуелсіздігі мен жердің тұтастығы үшін бірнеше ғасыр бойы соғыс жүргізді. Ел билеген хандардың, сұлтандың, билер мен батырлардың халықты ұйымдастырып, жауға қарсы тойтарыс беру ісінде орасан еңбек еткені де тарихтан белгілі.

XVIII ғасырдағы ірі тұлғалары Төле, Қазыбек, Әйтеке, билер Қазақ қоғамының зердесінде өшпес із қалдырған. Қаз Дауысты Қазыбек би XVIII ғасырдағы тарихымыздың аса ірі тұлғасы, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері. Қаз дауысты Қазыбек бидің шыққан тегі – Арғын тайпасының Қаракесек талып кеткен Болатқожа ұрпағы, бергісі қазақ халқына аты мәлім Шаншар абыз. Шаншар абыздан Қазыбектің әкесі Келдібек туады [1, 61].

Сонау түркі дәуірінен бері келе жатқан Ұлы Даладағы Жарғылардың заңдарын жақсы білгені үшін және әділдігі мен алғырлығы үшін Тәуке ханның заманынан Қазыбек би Орта жүздің бас биі болды. Тарихи тұлғаларды бір-бірімен теңдестіре салыстыруға болмайды. Дана Қазыбек бабаның сөзі мен ісі қазақ халқының жоңғар шапқыншылығы мен Ресей, Қытай империяларына қарсы күресіне байланысты қалыптасқан күрделі тарихи кезеңде дараланды. Ол қазақ халқының тағдыр-талайы қыл үстінде, қылыш жүзінде тұрғанда ел бірлігін ұйымдастырып, үш жүздің басын құрап, анталаған жауға тойтарыс берді. Қазақтың келешегіне жол салды. Сөйтіп, оның аты көзі тірісінде аңызға айналып, қазақ үшін қасиетті ұғымға айналды.

XVIII ғасырда билер институты Қазақ хандығының ішкі жағдайын тұрақтандырып отырушы басты факторға айналды. Билер қызметінің маңыздылығына байланысты Қазақ хандығының билеушісі хандардың өзі олармен бірлесе әрекет етті. Қазақтың билік құру